

2004 жылы Өмірзақ Махмұтұлы Қазақстан Республикасының «Ұлттық ғарыштық мониторинг жүйесі» атты республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру жұмысына жетекшілік етті.

Өмірзақ Махмұтұлы Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевпен жеке кездесулерінен кейін елімізде ғарыш саласын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу басталды. Үкіметтің тапсырмасымен 2004 жылы Ө.М. Сұлтанғазин Қазақстан Республикасында ғарыш саласын дамыту бағдарламасының жобасын дайындайтын жұмыс тобы басшысының орынбасары болып тағайындалды. Оның жетекшілігімен «Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған ғарыш қызметін дамыту» мемлекеттік бағдарламасын қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың 2005 жылғы 25 қаңтардағы Жарлығымен бекітілді. [5, 239 б.]

Академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин 2005 жылдың 23 мамырында Германияның Берлин қаласында дүниеден өтті. Бұл оқиға Қазақстанның ғылымы мен ғарыш саласы үшін үлкен шығын болды. Оның өлімінің нақты медициналық себебі ресми жарияланбағанымен, өмірінің соңғы жылдарындағы жоғары кәсіби жүктеме, халықаралық ғылыми бағдарламаларға белсенді қатысу, мемлекеттік стратегияларды әзірлеуге қатысу сияқты факторлар елеулі рөл атқарғаны күмәнсіз.

Академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин - Қазақстанның ғылым, білім және ғарыш салаларын жүйелі түрде дамытуға айрықша үлес қосқан көрнекті ғалым. Оның ғылыми қызметі Больцман тендеуінің дискреттік модельдері, сферикалық гармоникалар әдісі, жылуфизикалық процестерді модельдеу және есептеу математикасы сияқты салаларда іргелі нәтижелер берді. Сұлтанғазиннің ұйымдастырушылық еңбегі де ерекше: ол Қазақстан ғылымының институционалдық жаңғыруына, жана зерттеу орталықтарының ашылуына, аймақтық ғылыми инфрақұрылымның қалыптасуына және ұлттық ғылыми саясаттың заңнамалық негізін әзірлеуге жетекшілік етті. Ғарыштық зерттеулер институтын басқару арқылы Қазақстан ғарыш ғылымының іргесін қалады және алғашқы ғарышкерлердің ғылыми бағдарламаларын ұйымдастырды.

Өмірзақ Махмұтұлының 350-ге жуық ғылыми еңбегі, оның ішінде халықаралық деңгейде танылған монографиялары, Қазақстан ғылымының әлемдік аренада беделін арттырды. Академиктің интеллектуалдық әлеуеті, принципілдігі және ғылыми адалдығы оны ұлттық ғылымның көшбасшыларының біріне айналдырды. Ө.М. Сұлтанғазиннің өмірі мен еңбегі - ғылымға адалдықтың, кәсіби шеберліктің және елге қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның ғылыми мұрасы Қазақстан ғылымының қазіргі дамуына тірек болып, болашақ буын ғалымдары үшін құнды бағдар болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев И.М. Биографический очерк. - Алматы: Раритет, 2020. - 288 с. + 32 с. вкл.
2. Козыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар турыры). 2-кітап. - Алматы: Ғылым, 1998. 280 б.
3. Умирзақ Султанғазин / под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Казак университеті, 2011. 366 с. + 58 с. вкл
4. Султанғазин У.М. “Я всегда шел за жизнью”. -Алматы: Кеңес Нұрпейісұлының қоры, 2005. - 302 б.
5. Сұлтанғазин Ө. М. Атанбаев С. А. “Есептеу әдістерінің қысқаша теориясы”. - Алматы: Білім, 1995. - 267 б.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ: ПОЭЗИЯ, ДРАМА ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

Арзыкулова А.Б.

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтжанова Р.М.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық

зерттеу университеті

happyidontknow@gmail.com

Қарағанды қ.

Бұл мақаланы таңдауымыздың бір себебі ұлттық әдебиеттану ғылымын қалыптастырушылардың бірі және бірегейі Әбділда Тәжібаев академик Е.А. Бөкетовтың шәкірті.

Академик Е.А.Бөкетов Әбділда Тәжібаевты: «Қазақ руханиятындағы ерекше құбылыс, поэзия мен драматургияны терең меңгерген синтетикалық дарын» деп бағалағаны туралы әдебиеттану

еңбектерінде айтылады. Бөкетов үшін Тәжібаев - әдебиеттің бар саласында кәсіби деңгейде еңбек еткен сирек тұлға, қазақ өнерінің өркендеуіне үлес қосқан мәдениет қайраткері деп білген.

Одан бөлек Ә.Тәжібаевтың Бөкетов ағамызды қаншалықты жоғары бағалағаны туралы да айтып кететін болсақ: Тәжібаев Бөкетовтің ғалымдағы әділдігі мен еңбекқорлығын, жас ғалымдарға деген қамқорлығын, ұлт мәдениетін жүйелі зерттеуге ұмтылысын әрдайым ерекше құрметпен атап өткен және ол кісіні «Ұлт мәдениетін терең түсінетін, ғылым мен өнерді бірдей игерген кемел тұлға» деп атағаны белгілі.

Ғалымдардың қазақ мәдениеті мен ғылымын біріктіретін ортақ кеңістік бар. Тәжібаевтың әдеби ортада атқарған қызметі мен Бөкетовтің ғылыми-рухани орта қалыптастырудағы рөлі бір-бірін толықтырады.

Екі қайраткердің шығармашылық жолы мен қоғамдық қызметінде ұқсастықтар да, өзара сабақтастық пен ықпал бар.

Біріншіден, оларды ортақтастыратын басты фактор - ұлт руханияты мен білімін дамытуға қосқан үлесі. Тәжібаев қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ретінде әдебиеттің дамуына зор еңбек сіңірсе, Бөкетов ғылыми-интеллектуалдық орта қалыптастыруға, химия ғылымының дамуына және жоғары білім жүйесін жетілдіруге үлкен үлес қосты. Екі тұлғаның да қызметіндегі басты мақсат - қазақ қоғамын өркениетті, білімді, мәдениетті деңгейге көтеру болған.

Екіншіден, Тәжібаев пен Бөкетовті байланыстыратын тағы бір қыр ұстаздық және ағартушылық миссиясы. Ә. Тәжібаев әдебиет зерттеушісі, театртанушы, профессор ретінде сан буын жасқа білім берсе, Е. Бөкетов университет ректоры, ғылым ұйымдастырушысы ретінде Қазақстандағы білім жүйесін жаңғыртумен айналысты. Яғни екеуі де өзінің саласы арқылы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына ықпал етті.

Үшіншіден, олардың еңбектеріндегі қоғамдық ой, адамдық құндылықтарға деген ортақ көзқарастар да белгілі бір рухани сабақтастықты көрсетеді. Тәжібаев шығармалары адамгершілік, әділет, ұлтқа қызмет ету секілді идеяларға негізделсе, Бөкетов те ғылыми-зерттеу еңбектерінде, публицистикасында қоғам жауапкершілігі, ғылымның этикасы, ұлт дамуы туралы ойларды көтерген.

Әдебиет ұлттың рухани өзегі болса, ғылым оның интеллектуалдық тірегі. Осы екі бағыттың дамуына үлкен еңбек сіңіргендіктен, олар қазақтың рухани жаңғыру тарихында өзара байланысты тұлғалар ретінде қарастырылады.

Соңында, Тәжібаев пен Бөкетовтің еңбектері бүгінгі ұрпақ үшін рухани-ғылыми сабақтастықтың символына айналды. Бірі - сөз өнерінің, бірі - ғылым әлемінің биігі болса да, екеуін ұлтқа қызмет ету, елдік рухты көтеру, білім мен мәдениетті дамыту мақсаты біріктіреді [1, 57-62 б].

Әбділда Тәжібаев (1909-1998) - ақын және драматург, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның халық жазушысы және қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы аса ірі өкілі, поэзия, және әдебиеттану салаларында теңдессіз мұра қалдырған энциклопедиялық тұлға.

Ол 1909 жылы Қызылорда (Ақмешіт) қаласында дүниеге келді. Қызылордадағы жетім балалар интернатында тәрбиеленген. Шымкент қаласындағы жетіжылдық мектепті оқып бітірген. С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетті (қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет), Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курсты бітірген

Ақынның өлеңдеріндегі сезім тазалығы, гуманистік ой-толғамдары, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігі - оны қазақ әдебиетінің биік мұраттарымен үндестіреді. Сол сияқты драмалық шығармалары, театр теориясына қосқан үлестері, әдебиеттанулық ізденістерінің молдығы - оның жан-жақты дарын иесі екенін дәлелдейді.

Тәжібаевтың поэзиясында адамның ішкі жан дүниесі, туған жерге деген махаббат, сезім мен ой үйлесімі айқын көрініс табады. Драмалық шығармаларында қоғамдағы өзгерістер мен адамның тағдыры көркем тілмен бейнеленеді. Сонымен қатар, оның ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ әдебиетінің дамуын, драматургияның қалыптасуын және театр өнерін зерттеуге арналған.

Осы зерттеудің мақсаты - Әбділда Тәжібаевтың поэзия, драматургия және ғылыми еңбектерін кешенді түрде қарастырып, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесін көрсету. Зерттеу барысында әдебиеттану деректері мен шығармалар жинақтары негізге алынған.

Сонымен қатар, Тәжібаев шығармашылығы - ұлттық идеологияның дамуына қызмет еткен рухани мұра. Оның өлеңдері мен поэмаларында халықтың басынан өткен тарихи ауыр кезеңдер, ел өміріндегі әлеуметтік өзгерістер, рухани дағдарыстар шынайы түрде көрініс табады. Осы арқылы ол әдебиеттің қоғамды тәрбиелеудегі рөлін күшейтіп, қазақ оқырманына терең ой мен адамдық құндылықтарды ұсынды деп айта аламыз.

Тәжібаевтың шығармашылық болмысы оның тек ақын немесе драматург қана емес, руханияттың кеңістігінде белгілі бір кезеңнің эстетикалық бейнесін жасаған мәдениет қайраткері екенін дәлелдейді. Оның мұрасы бүгінгі күні де әдебиеттану мен театртану ғылымдары үшін құнды дерек көзі болып табылады[2, 98-104 б].

Әбділда Тәжібаевтың поэзия жолы:

Ә. Тәжібаев - поэзияда лирика мен поэма жанрын қатар алып жүрген ақын. Оның қаламынан туған 30-дан астам поэма мен өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, шыншылдық, оттылығымен ерекшеленеді. Ә. Тәжібаев поэзиясын басқа бірде-бір ақынның туындыларымен шатастыру мүмкін емес. Оның поэзиясы - тың ізденістің, жоғары мәдениеттің, нағыз шебердің поэзиясы.

Ақынның лирикасы өте шынайы, жеңіл оқылатын, адам жанына жақын. Ол махаббат, сағыныш, табиғат сынды тақырыптарды қарапайым да көркем тілмен жеткізеді.

Тәжібаевтың поэзиясының негізгі арқауы - *адамның ішкі сезімі, қоғамға деген көзқарасы және туған жерге деген сүйіспеншілігі.*

Тәжібаевтың өлеңдері жылдан жылға тереңдеп, өмір тәжірибесі артқан сайын поэзиясында философиялық ойлар көбейе бастайды.

Тәжібаев поэзиясы - қазақ лирикасының ерекше дәуірі. Оның алғашқы өлеңдері 1920-1930 жылдары жарық көрді. Сол кезден бастап ақынның шығармашылығында адамның ішкі сезімі, табиғат көріністері, махаббат және сағыныш тақырыптары басты орынға шықты. Бұл кезеңде поэзиясы қарапайым тілмен жазылып, оқырманға тікелей әсер ететін сипатқа ие болды.

1930-1950 жылдары Тәжібаев шығармашылығы қоғамдық тақырыптарға да ойысты. Өлеңдерінде қоғамдағы өзгерістер, адамның тағдыры, халық өмірінің қиындықтары мен қуаныштары көрініс тапты. Сонымен қатар, поэзиясында ой мен сезім үйлесімді түрде біріктіріліп, философиялық тереңдік қосылды. Оның өлеңдерінде қарапайым тіл, шынайылық және терең эмоциялық бояу үйлеседі.

Тәжібаевтың танымал жинақтары: «Кешеден бүгінге», «Жаңа өрімдер», «Аралдар», «Құрдастар» және 5 томдық шығармалар жинағы. Бұл жинақтарда ақынның әр кезеңдегі поэзиялық ізденістері мен сезімдері толық көрсетілген. Оның поэзиясы тек эстетикалық қызығушылық тудырып қана қоймай, адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы тәрбиелік мәнге де ие[3, 95-101 б].

Әбділда Тәжібаев драматург ретіндегі рөлі:

Әбділда Тәжібаев - тек ақын емес, сонымен бірге қазақ драматургиясына үлкен үлес қосқан тұлға. Энциклопедия мен кітапхана деректерінде ол қазақ драмалық поэмасының қалыптасуына ерекше еңбек сіңіргені айтылады. Қазақ драматургиясының дамуына елеулі үлес қосқан қаламгер. Оның пьесалары ұлттық театр сахнасында кеңінен қойылып, қазақ драмасының жаңа мазмұнмен толығуына ықпал етті. Ол шығармаларында адамның психологиялық болмысын терең ашуға, характер мен мінезді табиғи диалогтар арқылы көрсетуге ұмтылған болатын.

Әбділда Тәжібаев драматургиясы қазақ театр өнерінің кәсіби деңгейге көтерілуіне ерекше ықпал етті. Оның пьесалары алғаш рет сахналана бастаған кезеңде қазақ театры жаңашыл бағыттарды іздеп, көркемдік тәсілдер мен актерлік орындаушылықты дамыту үстінде болатын. Тәжібаевтың драмалары сол уақыттағы театр өнеріне жаңа тақырыптар, жаңа образдар және жаңаша көркемдік шешімдер енгізді.

Ақынның драмалық шығармаларының негізгі арқауы - адам тағдыры, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, уақыт пен кеңістік арасындағы үйлесімсіздіктер. Оның пьесалары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Қазақ театр өнерінің кәсіби деңгейге көтерілуіне, режиссура мен актерлік шеберліктің дамуына Тәжібаев шығармаларының ықпалы зор болды.

Тәжібаев драматургиясы - ұлттық руханияттың терең тамырынан нәр алған, қазақ сахна өнерінің көркемдік деңгейін көтерген маңызды мұра.

Оның ең танымал драмалық шығармалары: «Майра», «Жартас», «Күй атасы», «Жалғыз ағаш орман емес». Бұл пьесаларында адамдардың тағдыры, қоғамдағы өзгерістер, ұлттық өнер, адам мінезі мен сезімі көркем түрде бейнеленеді.

Тәжібаев драматургиясы қазақ сахна өнерінің көркемдік деңгейін көтеруге ықпал еткен маңызды мұра.

Тәжібаев зерттеулерінің ерекшелігі - теориялық тұжырымды өмірмен, әдеби тәжірибемен байланыстыра талдауы. Ол әдебиеттегі көркемдік әдістердің мәнін түсіндіре отырып, олардың туған дәуірмен, ұлттық мінезбен, менталитетпен байланысын ашты. Бұл оның ғылыми тұжырымдарының өміршеңдігін арттырды.

Ақынның драмалық шығармаларында характерлер жүйесі терең зерттелген. Персонаждардың сөйлеу мәнері, мінездік ерекшеліктері, ішкі психологиялық қақтығыстары табиғи түрде бейнеленеді. Оның диалогтары өмірлік нақтылығымен, эмоционалды қуатымен және көркемдік нақышымен ерекшеленеді. Бұл пьесалар актерлік шеберлікті талап ететін күрделі рөлдермен танымал.

Тәжібаев драмаларының сахналық табысы бірнеше факторға байланысты.

Біріншіден, ол әр кейіпкердің ішкі жан дүниесін барынша шынайы ашуға ұмтылды.

Екіншіден, пьесалардың құрылымы сахна заңдылықтарына толық сай келеді: оқиға динамикасы, тартыс күшеюі, шешімнің табиғилығы - бәрі кәсіби деңгейде орындалған.

Үшіншіден, оның драмалары қазақ театрының дүниетанымдық көкжиегін кеңейтті. Мысалы, «Күй атасы» пьесасында ұлттық өнердің тағдыры тарихи және рухани тұрғыдан талданады.

Оның еңбектерді өте күрделі ғылыми тілде емес, оқырманға түсінікті, жеңіл стильде жазғаны да - оның ерекшелігі. Ол әр жанрды - поэзия, драма, сахна, әдебиет тарихын - халықтың өмірімен, ұлттық мінезбен, дәстүрмен байланыстыра зерттеген. Сондықтан оның еңбектерін көптеген зерттеушілер әлі күнге дейін пайдалануда.

Ақынның ғылыми еңбектері терең ойға, дәлелді тұжырымдарға, әдебиеттанудың методологиялық негіздерін меңгерген білімділікке сүйенеді. Оның зерттеулерінде қазақ әдебиетінің тарихы мен қазіргі дамуы, ұлттық өнердің эстетикалық бағыттары, әдебиет пен қоғам байланысы секілді тақырыптар кеңінен қарастырылады.

Тәжібаев ғылыми-зерттеу еңбектері арқылы әдебиеттанудың дамуына тың серпін беріп, ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты. Ол әдебиетті тек жазумен ғана шектелмей, оны терең түсіндіретін, бағалайтын зерттеулер жасады. Оның еңбектері бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Сонымен қатар, «Өмір және поэзия» еңбегінде ақындық табиғат, сезім мен ойдың байланысы, поэзияның философиялық мәні талданады. Оның ғылыми мақалалары қазақ театр өнері мен әдебиетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми еңбектері әдебиет зерттеушілеріне, студенттер мен педагогтарға бағыт-бағдар береді [4, 15-22 б].

Тәжібаев еңбектері бүгінгі күнге дейін зерттеушілер, студенттер мен педагогтер үшін маңызды ғылыми материал болып саналады.

Мақаланың өн бойындағы сұрақтарды қарастыра отырып, Академик Е.А. Бөкетовтың шәкірті Ә.Тәжібаев - қазақ әдебиетінде өзін түрлі қырынан танытқан өте жан-жақты тұлға екендігін көруге болады. Ол бір уақытта ақын, драматург, зерттеуші және мәдениет қайраткері бола алды. Оның шығармалары мен еңбектері қазақ өнерінің әр саласының дамуына ықпал етті.

Ол қазақ әдебиетінің көпқырлы тұлғасы. Оның поэзиясы - адам жанын тербеткен лирикалық сезімнің мөлдір әлемі. Драматургиясы - ұлттық театр өнерін жаңа белеске көтерген көркемдік жаңалықтар. Ғылыми зерттеулері - әдебиеттану ғылымының дамуына бағыт-бағдар берген құнды мұра.

Тәжібаев зерттеулерінің ерекшелігі - теориялық тұжырымды өмірмен, әдеби тәжірибемен байланыстыра талдауы. Ол әдебиеттегі көркемдік әдістердің мәнін түсіндіре отырып, олардың туған дәуірмен, ұлттық мінезбен, менталитетпен байланысын ашты. Бұл оның ғылыми тұжырымдарының өміршендігін арттырды.

Оның шығармашылық мұрасы - бүгінгі және келешек ұрпақ үшін сарқылмас рухани қазына. Ә.Тәжібаев тұлғасын зерттеу - қазақ әдебиеті тарихын терең түсінуге жетелейтін маңызды іс.

Осылайша, Тәжібаев шығармаларында адам образы - ұлттық әдебиеттегі көркемдік және философиялық категория ретінде қаралады. Бұл тұрғыда оның шығармалары қазақ гуманистік ойының дамуына үлкен үлес қосқан.

Ақынның «Өмір және поэзия», «Театр және әдебиет», «Драматургия туралы ойлар» сияқты еңбектері - әдебиеттанудың әлеуметтік-көркемдік қырларын ашуда маңызды орында. Ол өз зерттеулерінде поэзияны адам жанының көркем айнасы ретінде қарастырып, оның ұлттық дүниетанымдағы орнын айқындады.

Әдебиеттанушылар Тәжібаев еңбектерін методологиялық тұрғыдан жаңашыл деп бағалайды. Өйткені ол тек талдау жасап қоймай, әдебиеттің көркемдік заңдылықтарына теориялық негіз қалады. Қазақ әдебиетін ғылыми жүйелеу ісіне қосқан үлесі өлшеусіз.

Жалпы алғанда, Әбділда Тәжібаев шығармашылығының көпқырлылығы, поэзия, драматургия және ғылыми зерттеулердегі үлесі оның қазақ мәдениеті мен әдебиетінде ерекше орын алуын дәлелдейді. Ол - тек ақын немесе драматург ғана емес, рухани мұра қалдырған көрнекті қаламгер.

Қорытындылай келе, Әбділда Тәжібаев - қазақ әдебиетінде өзін сан түрлі қырынан танытқан, ұлттық руханияттың ірі тұлғаларының бірі. Ол поэзия, драматургия және ғылыми-зерттеу салаларын

бірдей меңгеріп, әрқайсысында айтарлықтай жаңалық енгізе алды. Ақын ретінде адам жанының нәзік сырларын, қоғамның күрделі құбылыстарын терең сезіммен жырласа, драматург ретінде қазақ театрына жаңа көркемдік бағыт, эмоциялық қуаты мол туындылар әкелді. Ғалым ретіндегі еңбектерінде әдебиеттанудың теориялық негіздерін дамытып, ұлттық эстетиканың маңызды мәселелерін талдады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2012. 57-62 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. - Алматы, 2010. Т.9 - 98-104б
3. Ә.Тәжібаев, Шығармалары 3 томдық. - Алматы, 1981. Т.1: 95-101 б
4. Ғабдуллин Н. Қазақ драматургиясының тарихы. - Алматы, 2002. 15-22 б

КӨПҚЫРЛЫ ҒАЛЫМ:

Е.А.БӨКЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Данияр Г.М

Ғылыми жетекшісі: доцент Есен.С.Ғ
Астана Халықаралық Университеті
gulimdaniar@gmail.com
Астана қ.

Бұл мақала алып тұлғалы академик Е.А.Бөкетов тұлғасының ғылыми, әдеби, аудармашылық және қоғамдық қырларын кең қамтиды. Өмірбаяны, ғылымдағы жаңалықтары мен химия-металлургия саласындағы үлесі, әдеби еңбектері және аудармашылық қызметі жайлы баяндалады. Мақала Бөкетовтың өмір жолын хронологиялық және тақырыптық түрде аша отырып, оның Қазақстан ғылымы мен мәдениетіндегі орнын көрсетуге бағытталған.

XX ғасыр кеңестік кезеңнің қайшылықтары мен прогрессивтік үдерістерінің арпалысында қалған уақыт еді. Талас-тартыстың арасында жүріп қазақ интеллигенттерінің жаңа легі алдыға суырылып шықты. Сәтбаев бастаған М.Әуезов, Ж.Шаяхметов, Ш.Шөкин, Ш.Есенов, Е.Бөкетов, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев сынды небір академик, доктор, профессор-ғалымдарымыздың есімдері тарих беттерінде алтын әріптермен кестеленіп, жұрт жадында мәңгіге қалды. Соның бірі әрі бірегейі, ғылыми майданның ардақты ардагері Бөкетов Евней Арыстанұлы еді.

Бөкетов Евней Арыстанұлы - 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданына қарасты Бағанаты ауылында өмірге келген. Биыл академиктің жүз жылдық мерей тойы! Бір қарағанда есімі орысша дерсін. Шындығында азан шақырып қойған есімі Ибн-Ғабиден, ата-анасы Евней-Ғабиден деп атаған. Кейін құжаттарда Евней болып кеткен екен. Қалай десекте, бұл ұлы есімдердің тізіміне енді. Уақытында елді жайлаған аштық Евней атамның да отбасын айналып өтпеген. Зобалаң жылдары Қорған облысының Макушинск совхозына көшіп келіп, әкесі сол жерде қара жұмысшы болды. 9-сыныпты аяқтамай жұмысқа тұруға мәжбүр болды. Оған әкесінің ауруға шалдығуы, көп ұзамай өмірден озуы себеп болды да, баланы ерте есейтіп жіберді. Дегенмен ол ғылым-білімнен қол үзген емес. Ізденіс пен ғылымға деген құштарлық оны қызмет пен мансапта талай табысқа жетеледі.

Ғұлама ғалым 1945-1950 жылдары оқып, Алматыдағы Қазақ кен-металлургия институтын бітірген маман металлург, сол жоғары оқу орнында кафедра ассистенті, аға оқытушы, доцент қызметтерінде білгірлігімен, іс ұйымдастыру шеберлігімен танылған жас маман, 1958-1960 жылдары институт директорының оқу ісі жөніндегі орынбасар болып абыройлы қызмет атқарды. 1960 жылдан бастап он екі жыл бойы Қазақстан Ғылым академиясының Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия институтының директоры болды. Бұл жаңа ұйымдасқан ғылыми зерттеу мекеменің кадрларын іріктеп алып, материалдық базасын нығайтып, Евней Арыстанұлы көрнекті қызмет атқарды. Өнеркәсіп орындары - ірі комбинаттар институтының ғылыми-зерттеу ұсыныстарын өндірісте пайдаланып, оларға жоғары баға беріп жүрді. Институттың директоры Е.Бөкетов СССР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағымен марапатталды. 1972 жылдан бастап Е.Бөкетов сегіз жыл бойы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды. Бұл университет бұрынғы педагогикалық институттың негізінде құрылған болатын. Іске тәжірибесі мол Евней Арыстанұлы жаңа ұйымдасқан үлкен оқу орнының материалдық базасын жабдықтауға, университетті тиісті оқытушы